

**"Қарғалы ауданында тұратын аз қамтылған және мұқтаж отбасыларға ( азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" 2013 жылғы 10 шілдедегі № 126 аудандық мәслихаттың шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 5 маусымдағы № 295 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 маусымда № 4403 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 20 қарашадағы № 179 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 20.11.2017 № 179 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қаулысына сәйкес, Қарғалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 10 шілдедегі № 126 "Қарғалы ауданында тұратын аз қамтылған және мұқтаж отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді тіркеу тізіліміне № 3624 тіркелген, 2013 жылғы 15, 22 тамызда аудандық "Қарғалы" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасындағы 1 тармақтың бірінші және екінші азат жолдары келесідей редакцияда мазмұндалсын:

"1.Тұрғын үй көмегі Қарғалы ауданы аумағында тұрақты жекелендірілген тұрғынжайларда тұратын тұлғаларға немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғынжайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға ұсынылады.

Жекелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы үй –жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін - ұстауға жұмсалатын шығыстар үлесінің шегі отбасының жиынтық табысының 10 пайыз мөлшерінде белгіленеді,бірақ отбасында мүгедек балалары

барлар, 1, 2, 3 топ мүгедектеріне 2 пайыз мөлшерінде жылытылатын тұрғын үй көлеміне байланысты төленеді".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы*

*Н. Смолинец*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Х. Жылқыбеков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК